

Авиациялық персоналдың шетел мемлекеттері берген куәліктерін тану тәртібі

6 т.	Авиациялық персоналдың куәлігін бастапқы тану кезінде өтініш беруші уәкілетті ұйымға мынадай құжаттарды (eotinish.kz порталы арқылы) ұсынады:	<ol style="list-style-type: none">1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша авиациялық персоналдың шетел мемлекеттері берген куәлігін тануға өтініш;2) авиациялық персонал куәлігі иесінің жеке куәлігінің (паспортының) көшірмесі;3) авиациялық персонал куәлігінің көшірмесі (жазбалары бар барлық парақтар);4) тиісті кластағы медициналық сертификаттың көшірмесі (ұшқыштардың, сыртқы ұшқыштардың, ұшқыштардан ерекшеленетін ұшу экипажы мүшелерінің куәліктері үшін);5) әуе кемесінің түрі бойынша сұратылған біліктілік белгісі үшін соңғы 12 айдағы ұшу немесе тренажерлік тексеру актісінің көшірмесі (пилоттардың, сыртқы пилоттардың және пилоттардан басқа ұшу экипажы мүшелерінің куәліктері үшін);6) ұшу кітапшасының соңғы үш парағының жазбалары бар көшірмелері немесе соңғы 90 күннің ұшу сағатын растайтын авиакомпанияның ұшу уақытын есепке алу жүйесінен үзінді (пилоттардың, сыртқы пилоттардың және пилоттардан басқа ұшу экипажы мүшелерінің куәліктері үшін);7) алдыңғы 24 айдағы әуе кемесінің тиісті түріне техникалық қызмет көрсету тәжірибесін растай отырып, жеке журнал (Logbook) парақтарының көшірмелері (әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал үшін);
------	---	---

		<p>8) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, әуе құқығы (air law), метеорология (meteorology), пайдалану қағидалары (operational procedures), фразеология (radiotelephony) бойынша білімін көрсету туралы құжаттың көшірмесі (пилоттардың, сыртқы пилоттардың және пилоттардан басқа ұшу экипажы мүшелерінің куәліктері үшін);</p> <p>9) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы заңнамасы бойынша білімін көрсету туралы құжаттың көшірмесі (әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың және ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкерлердің немесе ұшу диспетчерлерінің куәліктері үшін).</p>
7 т.	<p>Авиациялық персоналдың куәлігі кезекті (кейіннен) танылған кезде өтініш беруші уәкілетті ұйымға мынадай құжаттарды (eotinish.kz порталы арқылы) ұсынады:</p>	<p>1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша авиациялық персоналдың шетел мемлекеттері берген куәлігін тануға өтініш;</p> <p>2) авиациялық персонал куәлігінің көшірмесі (жазбалары бар барлық парақтар);</p> <p>3) тиісті кластағы медициналық сертификаттың көшірмесі (пилоттардың, сыртқы пилоттардың, пилоттардан басқа ұшу экипажы мүшелерінің куәліктері үшін);</p> <p>4) әуе кемесінің түрі бойынша сұратылған біліктілік белгісі үшін соңғы 12 айдағы ұшу немесе тренажерлік тексеру актісінің көшірмесі (пилоттардың, сыртқы пилоттардың, пилоттардан басқа ұшу экипажы мүшелерінің куәліктері үшін);</p>

	5) алдыңғы 12 айдағы әуе кемесінің тиісті түріне техникалық қызмет көрсету тәжірибесін растай отырып, жеке журнал (Logbook) парақтарының көшірмелері (әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал үшін).
8 т.	<p>- уәкілетті ұйым 5 жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды қарастырады және өтініш беруші осы Қағидалардың <u>6</u> немесе <u>7-тармақтарында</u> көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде шет мемлекеттің авиациялық билік орындарына сұрау салу жібереді немесе осы мемлекет берген авиациялық персоналы куәлігінің, біліктілік және арнайы белгілердің, медициналық сертификаттың және өзге де құжаттардың жарамдылығын тану үшін олардың ресми сайтында жарияланған ақпаратты басшылыққа алады. Тану 2 жұмыс күні ішінде жарамды.</p> <p>- авиациялық персоналы куәлігінің, біліктілік және арнайы белгілердің, медициналық сертификаттың және шетел мемлекеті берген өзге де рұқсаттардың жарамдылығы расталғаннан кейін уәкілетті ұйым 2 жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша не осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген негіздер бойынша авиациялық персоналдың шетел мемлекеті берген куәлігін танудан дәлелді бас тартуды ресімдейді.</p> <p>- ұсынылған құжаттардың толық болмау немесе авиациялық персоналының шетелдік куәлігін тану рәсімін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің болмау фактісі анықталған жағдайда, уәкілетті ұйым өтініш берушіге осы Қағидалардың 6 немесе 7-тармақтарында көзделген жоқ құжаттарды немесе мәліметтерді ұсыну қажеттілігі және оларды ұсыну мерзімі туралы хабарлама жібереді.</p> <p>- хабарламада көрсетілген құжаттарды немесе мәліметтерді ұсыну мерзімі хабарлама жіберілген күннен бастап 5 жұмыс күнін құрайды.</p> <p>- өтініш беруші хабарламада көрсетілген құжаттарды немесе мәліметтерді алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде ұсынбаған жағдайда, уәкілетті ұйым өтініш берушінің құжаттарын қайтаруды жүзеге асырады және оларды қарауды тоқтатады..</p>
9 т.	Куәлік ИКАО-ның ресми тілінде - ағылшын тілінде толтырылады.

10 т.	Куәлік өтініш берушіге немесе оның өкіліне сенімхат бойынша беріледі.
11 т.	Берілген Куәліктер уәкілетті ұйымның Тізілімінде тіркеледі.